

БЕКІТЕМІН

«Қызылорда медициналық жоғары колледжі» ШЖҚ КМК директоры

Ж.А.Жармақова
«*М*» _____ ж.



ЖАТАҚХАНА ТӘРБИЕШІСІНІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

1. Жалпы ереже

1.1. Жұмыс бабында колледж директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына бағынады;

1.2. Жатақхана тәрбиешісі тиісті заңға сәйкес колледж директорының бұйрығымен тағайындалады және жұмыстан босатылады;

1.3. Өз қызметінде жатақхана тәрбиешісі мына құжаттарды басшылыққа алады және білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексі, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" заңдары және кәсіптік білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

- оқу пәнінің мазмұны, оқу-тәрбие процесі, оқыту және бағалау әдістемесі;
- педагогикалық этиканың нормалары;
- педагогика және психология, әлеуметтану негіздері;
- еңбек туралы заңнама, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары.

- колледждің жарғысы
- колледж басшысының бұйрықтары;
- еңбек мәдениеті және қызмет этикасы;
- ішкі еңбек тәртібін;

1.4. Осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алып, жұмыс жүргізеді.

2. Біліктілікке қойылатын талаптар

2.1. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе педагогикалық бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім (арнайы орта, кәсіптік орта), жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл;

және (немесе) біліктілігінің орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл; педагог- зерттеуші үшін кемінде 4 жыл.

3. Қызметтік міндеттері

3.1. Жатақханада тәрбие және мәдени-бұқаралық жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

3.2. Жатақхананың жалпы тәрбиелеу процесінде педагогтік талаптардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

3.3. Тәрбие жұмысының мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіреді.

3.4. Дене тәрбиесі процесін, спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық жұмыстарды дамытуды үйлестіру бойынша, білім алушыларға салауатты өмір салты нормаларын дарыту бойынша жұмысты жүзеге асырады.

3.5. Бала құқығын іске асыруға ықпал етеді, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған тәрбиеленушілермен жұмысты ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды.

3.6. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады.

3.7. Ата-аналармен немесе қамқоршылармен байланыс орнатады.

3.8. Білім алушылармен жеке жұмыс жүргізеді.

3.9. Жатақханада жататын білім алушылардың топ жетекшісімен үнемі байланыста болады.

3.10. Жатақханада жататын білім алушылардың кешкі уақытта жатақханаға кешікпей келуін қадағалайды.

3.11. Күнделікті кезекші оқытушымен бірлесіп жұмыс жүргізеді.

3.12. Жатақхана студенттерінің арасында тәртіп бұзушылық болған жағдайда директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына уақытылы хабарлайды.

3.13. Білім алушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді.

3.14. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерінің талаптарын орындайды.

4. Құқықтары

4.1. Өзінің қызметіне қатысты Колледж басшылығы қабылдаған шешімдер жобаларымен танысуға;

4.2. Колледж басшылығының тапсырысы бойынша мамандардан өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға;

